Кіші №1 «Ақ тиін» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Желтоқсан айы, ІІ-апта (7.12-11.12.2020ж)

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»
**Апталық тақырып:** «Қуыршақтың киімдері»
**Мақсаты:** Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру,олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 07.12.2020 | Сейсенбі 08.12.2020 | Сәрсенбі 09.12.2020 | Бейсенбі 10.12.2020 | Жұма 11.12.2020 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу** | 8.00-8.40 | **Балалармен қарым-қатынас:** Амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | | **Үстел үсті ойыны:** «Құрылыс ойындарын ойнаймыз» **Мақсаты:**Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу.» | **Дидактикалық ойын:** Бұл қандай түс?" **Мақсаты:** Түстерді ажыратуға үйрету. | **Құрылыс ойындары:** «Қуыршаққа диван құрастырамыз» **Мақсаты:** Балаларға құрылыс материалдарының көмегімен диван құрастыруға үйрету. | **Құрылыс ойындары:** «Қуыршаққа диван құрастырамыз» **Мақсаты:** Балаларға құрылыс материалдарының көмегімен диван құрастыруға үйрету. | **Дидактикалық ойын** «Үлкен және кіші» **Мақсаты**: Балаларға үлкен және кіші заттарды ажырата білуге үйрету. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Ертеңгілік жаттығу кешені №4 "Әуен ырғағымен"** | | | | |
| **Таңғы ас** | | Балаларға тамақты төкпей-шашпай таусып ұқыпты ішуге, үстелде дұрыс отыруға, қасықты оң қолына ұстауға, тамақ ішкенде сөйлемеуге, асты ішіп болған соң алғыс айтуға дағдыландыру. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.40-9.15 | **Қимылды ойын:** «Пойыз» **Мақсаты:** балаларды қатармен жүруге үйрету. | **Дидактикалық ойын**: «Не жоқ?» **Мақсаты**: Балалардың есте сақтауын, танымдық | **Суетпен жұмыс**: «Ойыншықтар» **Мақсаты**: суреттегі ойыншықтардың аттарын атай білуге | **Дидактикалық ойын**: «Биік-аласа» **Мақсаты:**Балаларға заттың көлемін ажыратуға үйрету. | **Қимылды ойын:** «Жемістерді жина» **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері** | 9.15-9.45 | **"Қатынас"**<br>**1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Тазалықтың досы» өлең**<br>**Мақсаты:** Балаларды тазалыққа баулу, тазалық ерекшеліктерімен таныстыру, көрнекіліктер арқылы өлеңді мәнерлеп оқуға, барлық дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, есте сақтау қабілеттерін нығайту;<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Тазалық бұйымдарының атын ата!»<br>**Мақсаты**: Балалардың тазалыққа керек жарақтарды есте сақтау қабілетін арттыру.<br>-Балалар,бүгінгі оқу қызметінде А. Меңжанова апамыздың «Тазалықтың досы» өлеңін оқимын, мұқият тыңдайық.<br>«Тазалықтың досы»<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жусаң егер әрдайым<br>Аппақ бетің – маңдайың.<br>Тазалықтың досы –<br>Су деген осы<br><br>-Балалар мына өлең жолдарында не туралы айтылған?<br>-Иә,тазалық туралы.<br>-Балалар таза болып жүру үшін не істеу керек?<br>Қандай құрал пайдаланамыз?<br>-Балалар, сендер қандай әдемі, таза, жинақы | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Өзеннен, көпірден өту»**<br>**Мақсаты:** Қол ұстасып жұппен жүру. Көпірден қолдарын екі жаққа созып өту. Гимнастикалық орындық үстімен жүру.<br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жаңбыр әні»**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.<br>Судың пайдасы туралы айту.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Жүгіреміз, жүреміз» | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жолмен біз келеміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға денсаулық туралы тереңірек түсінік беру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу .Заттарды айнала отырып жүру.60 м баяу қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүру,балаларға өзін өзін сылаудың қарапайым элементтерімен таныстыру, дені сау болу ниетіне тәрбиелеу.<br>**"Таным"**<br>1.**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Сүлгі құрастыру»**<br><br>**Мақсаты:** Тазалық құралдарымен таныстыра отырып, қиындылардан бүтін зат құрастыруға үйрету арқылы ұсақ қол моторикасын жетілдіру; есту, қабылдауды дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі - жиі жуын сен,<br>Тәңертең де кешке де,<br>Жуын күндіз - кешке де,<br>Жуын күндіз - түсте де,<br>-Балалар, сендер жұмбақ шешкенді ұнатасыңдар ма?<br>-Ендеше,балалар мен сендерге жұмбақ жасырам сендер жауабын табыңдар.<br>1.Жуынып болғанда, - | **"Таным"**<br>**1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Судың пайдасы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру. **Жүру барысы: Жұмбақ жасыру:** Аспанда жүрер бу болып,<br>Жерге түсер су болып.<br>Сай–салаға сарқырап,<br>Көлшіктерді толтырар.<br>Бұл не? **(Су)**<br>**Кіріспе әңгіме.** -Балалар сендер таңертең ұйқыдан тұрған соң жуынасыңдарма?<br>-Немен жуынасыңдар?<br>-Таза болғыларың келеді ме?<br>-Дұрыс таза болуымыз, тазалықты сүюіміз керек. Біз балалар, таза жүрсек ауырмаймыз.<br><br>-Балалар, бүгінгі оқу қызметімізде су туралы айтатын боламыз.<br>**Сөздік жұмыс:** су.<br>**Қос тілділік:**су-вода.<br>**Сергіту сәті:** | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қарағайлы орман»**<br>**Мақсаты:** Балалардың орман туралы түсініктерін жалғастыру,орманның қажеттілігін түсіндіру,орманшының атқаратын қызметін айту.Қол ұстасып жұппен жүру . 1м арақашықтағы себетке оң қолмен бүршікті лақтыру. Гимнастикалық орындықүстімен жүру.<br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ақ бұлақ»**<br>И.Нүсіпбаев<br>**Мақсаты:** Балаларға әнді қайталату. Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Жүгіреміз, жүреміз» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларсыңдар! Сендер тазалықты сақтап, уақытылы тістеріңді жуып, тамақ алдын да және тамақтан кейін қолдары жуасыңдар ма?<br>-Жарайсыңдар, сендер тазалықты сүйеді екенсіңдер, мен сендерге сұрақ қоям сендер маған жауап беріңдер жарай ма?<br>-Сендер қолдарыңды күніне неше мезгіл жуасыңдар?<br>-Өте жақсы балалар екенсіңдер.<br>–Балалар, сендердің жеке тіс пасталарың, сүлгілерің, сабындарың барма? Оларды тек өздерің пайдаланасыңдар ма?<br>-Дұрыс, балалар әр адам да жеке өзінің тіс пастасы, сүлгісі және де сабыны болуы керек. Себебі, басқа адам пайдаланған, қолданған заттарды кері пайдалануға болмайды.<br>**Сөздік жұмыс:** тазалық, сүлгі.<br>**Қос тілділік:**<br>тазалық- чистота,<br>сүлгі- полотенце.<br>-Балалар, қане орнымыздар тұрын сергіп алайық.<br>**Сергіту сәті:** Айнаға қараймын<br>Шашымды тараймын.<br>Бақытты боламын,<br>Сымбатты боламын.<br>Әрқашан тазамын,<br>Бәрінен озамын.<br><br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Сурет салу** | | Жүреді қолдар да? (орамал) 2.Қалтамда жатыр тісі бар, Тістемей –ақ істер ісі бар? ( Тарақ) 3.Жылтылдап қолға тұрмайды.Ақ көбік боп зырлайды.Бір қоқысқа жаны қас. Түк қалдырмай қырнайды? (Сабын)<br>5.Дәмі де жоқ, түсі де жоқ, Пайдаланбас кісі де жоқ? (Су) -<br>Жарайсыздар, балалар! Бұл нәрселердің адамдарға не үшін керектігін білесіңдер ме?-Балалар, тазалық туралы біздің балабақшаның мейірбикесі Гүлсім Сағындыққызынан сұрайық.<br>(есікті қағып мейірбике келеді.)<br><br>-Сәлеметсіздер ме балалар? Ой, қандай таза, ұқыпты, әдемі балалар. Көңіл-күйлерің де жақсы сияқты. Солай ма, балалар? Балалар сендер үнемі таза жүрумен қатар ертеңгілік жаттығуларыңды және де дұрыс тамақтануды ұмытпаңдар.<br>**Қос тілділік:**<br>Сабын-мыло,<br>таза-чистый.<br><br>-Жарайсыңдар, балалар! Қане орнымыздан тұрып бір сергіп алайық.<br>**Сергіту сәті:** | Ал балалар тұрайық, мойнымызды бұрайық, Қолымызды созайық, су ішінде қалықтап, Қане жүзіп алайық,оңға,солға бір қарап, денемізді бұрайық.<br>**Қорытынды:**<br>-Балалар судың түсі қандай?<br>-Судың пішіні бола ма?<br><br>Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейміз»**<br>**Мақсаты:** Тазалық құралдары туралы түсінік беру. Сүлгінің сұлбасын әсемдеуге үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана отырып, негізгі түсімен сурет салуға жұмыстануын қалыптастыру, бастаған ісін аяғына дейін аяқтап, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br>-Жарайсыңдар, балалар! Балалар жаңа айтқандай әр адамның өз сүлгісі, сабыны, пастасы болуы керек.<br>-Балалар ендеше біз өзіміздің сүлгімізді әдемілеп алайықшы.<br>-Жарайсыңдар, балалар!!! -Балалар, бүгін біз не туралы айттық?<br>-Ненің суретін салдық? Ұйымдастырылған оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 9.45-10.05 | Киімдерін ретімен киюге ,аяқ киімдерінің бауларын байлауға, оң киюлерін қадағалау. Киімдерін дұрыс жинау, киімдеріне арналған шкафты білу. Далаға шыққанда жүгірмеулерін ескерту. | | | | |
| **Серуен** | 10.05-11.30 | **Бақылау:Жаңбырды**<br>**Мақсаты:** Балаларға жаңбырдың пайдасы туралы түсіндіру. Оның жай немесе қатты жауын екенін ажыратуды үйрету.<br>**2.Еңбек:**<br>Ойын алаңындағы тастарды жинап,айналаны таза ұстауға көмектестіру. | **Бақылау:Аула тазалаушының еңбегін.**<br>**Мақсаты:**<br>Үлкендердің еңбегін бағалап, оларға көмектесу керектігін айтып,ауланы таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**2.Еңбек:** Аула сыпырушыға көмектесу. | **Бақылау:**<br>**Куз көрінісін.**<br>**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңын жинауға көмектесу.<br><br>**3.Қимылды ойын:** « Ұшты-ұшты»<br>**Мақсаты:** балаларды | **Бақылау: Құстарды**<br>**Мақсаты:** Құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**2.Еңбек:**<br>Үлкен топ балаларының еңбектерін бақылау.<br>**3.Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқандар»<br>**Мақсаты:** қимыл- | **Бақылау:Көліктерді**<br>**Мақсаты:**<br>Көліктердің турлерін айтып,олардың әр түрлі қызмет атқаратынын түсіндіру.Түрлерімен таныстыру.<br>**2.Еңбек:**Ауладағы жапырақтарды жинау.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Допты қуып жет»<br>**Мақсаты:** балаларды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Қимылды ойын**: «Дыбыс қайдан естіледі?» **Мақсаты**: есту мүшелерін қалыптастыру. **4.Жеке жұмыс:** Ералиге сөздерді дұрыс анық айтуға үйрету. **5.Еркін ойындар:** Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды. | **3.Қимылды ойын:** «Допты қуып жет» **Мақсаты**: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Дарияға көргенді бірнеше сөзбен әңгімелеп беруге үйрету. **5.Еркін ойындар:** Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды. | шапшандыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Бақытжанға естіген ертегісін айтуға дағдыландыру. **5.Еркін ойын:** Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды | қозғалыстарын арттыру. **4.Жеке жұмыс:** Қасымхан мен Алиге оң мен солды ажыратуды үйрету. **5.Еркін ойындар:** Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды. | жылдамдыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Айшаға адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас) атату. **5.Еркін ойындар:** Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды. |
| **Серуеннен оралу** | 11.30-11.50 | Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп, жинап сөрелеріне салып қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету,құрғатып сүртулерін қадағалау. | | | | |
| **Түскі ас** | 11.50-12.30 | Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу.Асты төкпей мұқият ішуге дағдыландыру. Астан соң алғыс айтқызу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 12.30-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| | | "Бауырсақ " ертегісімен ұйықтату. | Жәй психологиялық әуенмен ұйықтату. | Балаларды «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен ұйықтату. | Инструментті әуенмен ұйықтату. | М.Беспаевтың «Әлди бөпем» әнімен ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | 15.00-15.30 | Балаларды біртіндеп ояту, шынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру. Төсектерінде керілу-созылу, тұру дене жаттығуларын жаттықтыру. Беті қолдарын жуу .Өздігінен киінуге баулу. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.30-16.00 | Балаларды өздіктерінен ұқыпты тамақтануларына, кесені дұрыс,орынды қолдана білуге үйрету.Өз орындарына ыңғайлы отыруларын естеріне салу. Көмекші апайға алғыс айтқызу. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке** | 16.00-16.20 | **Үстел үсті театры:** «*Жеті лақ*» ертегісі **Мақсаты**: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Адинаға жеке бас гигиенасының бастапқы | **Қимылды ойын:** «**Ұшақ**» **Мақсаты**: балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Гүлнұрға дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға, дауысты және | **Сюжеттік рөлдік ойын**: «**Шаштараз**» **Мақсаты**: балаларды ұжымдық ойындарды ойнауға үйрету. Қасымханға шынықтыру шараларын | **Дидактикалық ойын**: «**Қандай пішін**?» **Мақсаты**: балаларға пішіндер туралы түсінік беру. Ибраһимге көргенін бірнеше сөзбен әңгімелеп беруге | **Дидактикалық ойын:** «**Төлін тап**» **Мақсаты**: сурет бойынша үй жануарларын атап, төлдерін табуға үйрету. Бақытжан мен Айзереге қысқа тақпақ, өлең айтуға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыстар** | | дағдыларын меңгеруге дағдыландыру. | дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға дағдыландыру. | өткізу кезінде жағымды көңіл-күйді таныта білуге үйрету. | үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | 16.20-16.40 | Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру. Киімдерін ретімен киюге үйрету. Аяқ кімдерін оң киюлерін қадағалау. Сөрелерін жинап кетуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | 16.40-17.40 | **Бақылау**: Тастарды.<br>**Қимылды ойын:** «Допты домала»<br>Мақсаты: Балаларға допты домалатуға үйрету.<br>**Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Аула тазалаушының еңбегін.<br>**Қимылды ойын:** "Қақпаға"<br>**Мақсаты**: Балаларды еңбектеуге, кедергілерден өтуге,тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.<br>**Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Жаңбырды.<br>**Қимылды ойын:** "Таяқтан аттап өт"<br>**Мақсаты**: Кішігірім топ болып,бір-бірінің артынан,шашыраңқы жүруге,жүгіруге үйрету.Ептілікті,тепе-теңдікті сақтауды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Көліктерді.<br>**Қимылды ойын:** "Автомобиль"<br>**Мақсаты**: Балалар ды бір-біріне соқтығыспай жан -жаққа жүгіруге, тәрбиеші берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертпеуге,өз орынын табуға үйрету.<br>**Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Жүргізуші еңбегін бақылау.<br>**Қимылды ойын:** «Алақанды қойып секір»<br>Мақсаты: балаларды қос аяқтап, биікке секіруді үйрету.<br>**Еркін ойындар:** |
| **Серуеннен оралу** | 17.40-18.00 | Қатармен жүруге үйрету. Киімдерін, аяқ киімдерін сөрелеріне ұқыпты жинап қоюларын қадағалау. Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығы мен күн тәртібі туралы әңгімелесу | Балабақшада не үйренгендерін сұрай отырып, балалармен күнделікті сөйлесіп отыруларына ата-аналарға кеңес. | Балаларды мадақтау (оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды) | Балаларды үйге кетуге рұқсат сұрауға үйрету арқылы тілдерін дамыту. | Демалыстарына сәттілік тілеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыстар** | | дағдыларын меңгеруге дағдыландыру. | дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға дағдыландыру. | өткізу кезінде жағымды көңіл-күйді таныта білуге үйрету. | үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | 16.20-16.40 | Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру. Киімдерін ретімен киюге үйрету. Аяқ кімдерін оң киюлерін қадағалау. Сөрелерін жинап кетуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | 16.40-17.40 | **Бақылау**: Тастарды. **Қимылды ойын:** «Допты домала» Мақсаты: Балаларға допты домалатуға үйрету. **Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Аула тазалаушының еңбегін. **Қимылды ойын:** "Қақпаға" **Мақсаты**: Балаларды еңбектеуге, кедергілерден өтуге,тепе-тендікті сақтап жүруді үйрету. **Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Жаңбырды. **Қимылды ойын:** "Таяқтан аттап өт" **Мақсаты**: Кішігірім топ болып,бір-бірінің артынан,шашыраңқы жүруге,жүгіруге үйрету.Ептілікті,тепе-тендікті сақтауды жаттықтыру. **Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Көліктерді. **Қимылды ойын:** "Автомобиль" **Мақсаты**: Балалар ды бір-біріне соқтығыспай жан -жаққа жүгіруге, тәрбиеші берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертпеуге,өз орынын табуға үйрету. **Еркін ойындар:** | **Бақылау:** Жүргізуші еңбегін бақылау. **Қимылды ойын:** «Алақанды қойып секір» Мақсаты: балаларды қос аяқтап, биікке секіруді үйрету. **Еркін ойындар:** |
| **Серуеннен оралу** | 17.40-18.00 | Қатармен жүруге үйрету. Киімдерін, аяқ киімдерін сөрелеріне ұқыпты жинап қоюларын қадағалау. Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығы мен күн тәртібі туралы әңгімелесу | Балабақшада не үйренгендерін сұрай отырып, балалармен күнделікті сөйлесіп отыруларына ата-аналарға кеңес. | Балаларды мадақтау (оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды) | Балаларды үйге кетуге рұқсат сұрауға үйрету арқылы тілдерін дамыту. | Демалыстарына сәттілік тілеу. |